

## 1994 жылдары туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскесінде тіркеуге алу және жастарды әскери қызметке шақыруға дайындау туралы

Алматы облысы Сарқан ауданы әкімінің 2010 жылғы 03 желтоқсандағы N 3 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Сарқан ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 15 желтоқсанда N 2-17-92 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17, 18-баптарына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 8)-тармақшасына сәйкес, азаматтарды шақыру учаскесінде тіркеуге алуды уақтылы және сапалы жүргізу үшін аудан әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. 2011 жылғы қаңтар – наурыз айларында 1994 жылы туылған, сондай-ақ бұдан бұрын тіркеуге алынбаған жасы ұлғайған азаматтар әскерге шақыру учаскесінде **т і р к е у г е** **а л ы н с ы н .**

2. Ауылдық, поселкелік, қалалық округтердің әкімдері:

1) 1994 жылы туылған, сондай-ақ жасы ұлғайған азаматтардың шақыру учаскесіне **т і р к е у г е** **а л ы н у ы н** **қ а м т а м а с ы з** **е т с і н .**

2) азаматтардың медициналық куәландырудан өткізілуін қамтамасыз ету үшін олардың **у ч а с к е с і н е** **ж е т к і з і л у і н** **қ а д а ғ а л а с ы н .**

3. "Сарқан ауданының орталық аудандық ауруханасы" мемлекеттік қазыналық **к ә с і п о р н ы** **( М . С . Д о л а е в а ) :**

1) 2010 жылғы "Сарқан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне 1994 жылы туылған, амбулаториялық есепте тұрған науқастанушылардың қажетті медициналық құжаттарын, сондай-ақ туберкулез, наркологиялық, тері-венерологиялық және психоневрологиялық диспансерінде, жасөспірімдер кабинеттерінде, сонымен қатар жұқпалы науқастар ауруханасында есепте тұрған **ж а с т а р д ы ң** **т і з і м і н** **т а п с ы р с ы н .**

2) тіркеуге алуға дейін 1994 жылы туылған барлық жастарды қажетті медициналық **т е к с е р у д е н** **ө т к і з с і н .**

4. Сарқан аудандық ішкі істер бөлімі (А.Т. Асқарбаев): әскерге шақыру учаскесінде тізімге тұрудан жалтарып жүрген жастарды **і з д е с т і р у** **т о п т а р ы н** **қ ұ р с ы н .**

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ғ. Маманбаевқа**

ж ү к т е л с і н .

6. Осы шешім баспасөзде алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ә. Жақанбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК